



010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
201\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

2018 жылғы 17 қантарда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Е. А. Досаевқа

### Депутаттық сауал

### Құрметті Ерболат Асқарбекұлы !

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы халықта Жолдауының 7 – «Адами капитал-жанғыру негізі» бағыты бойынша» білім берудің жаңа сапасы – білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді менгеру қабілетін дамыту болуға тиіс»-деп нақты айтты. Сол бағытта Қазақстан Республикасы Үкіметі «оқу стандарттарындағы өзгерістерді кезең-кезеңімен әр пәнге енгізу» жөнінде № 1080 қаулысын шығарды.

Десек те білім саласына жауапты Министрлік тарапынан берілген тапсырма мен айқын бағытты бүрмалаушылықтардың кейде көрініс табатыны жасырын емес.

Биылғы жылдың басында Мәжіліс депутаттары өнірлерге сапар барысында ел тарихында ізі қалған ғалымдар мен белгілі ұстаздардың, ұлт жанашырларының үні мен назын естіп қайттық.

Нақты дәйек - жалпыға білім беру білім стандартынан кейін, оқу - бағдарламасын әзірлеген жауапты мамандар басты жәйтті ескермей қалған.

Кезең - кезеңмен енгізілген өзгерістер қатарынан еліміздің егемендігін танытатын пән – «Қазақстан географиясын» жеке пән ретінде таппадық. Дүниежүзіндегі барлық ел өздерінің тәуелсіздігін таныту үшін географиясын жеке пән ретінде оқытатындығы анық. Жер бедері бойынша ең кішкентай мемлекеттердің өзі бұл тізімнің алдында. Ал Қазақстан Республикасы 193 мемлекеттің ішінде 9-орынды иеленген. Айталақ, Израиль мемлекеті төл географиясын екі жыл меңгертсе, көршілес Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан елдері үш жылға жуық уақытқа жоспарлайды екен.

Бізде Қазақстан географиясы 1993 жылдан бастап мектеп қабырғасында оқытылып келеді. Аптасына әупірімдеп оқытатын екі сағаттың өзі бүгінде көзден бұлбұл үшқалы тұр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында: «Тұған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек деді.

Еліміз бен жеріміздің тарихы мен географиясын терең таныту Елбасының алдымызға қойып отырған нақты бағыты.

Білім саласында алдымен стандарт бекітіледі, сосын бағдарлама жасалады, кейін барып оқулық даярланады. Ал қазіргі жағдай қандай? Стандартты аттап өтіп, тіпті бағдарламаға дес бермей алдымен оқулық даярлауға нұсқау беріледі.

Сөзімізге дәлел, биылғы оқу жылынан бастап «География» деген атаумен жаңа оқулық енгізілген. Ал «Қазақстан географиясы» жоқ. Бұл оқулықтың да еліміздің төл географиясын насихаттауға қаншалықты қызмет ететіні күмән тудырады.

Бұкараптак құралдары беттеріне берген мәлімдемесінде министр Ерлан Сағадиев мырза аталмыш мәселеден бейхабарлығын танытса, министрліктен алынған ресми жауапта «Бүгінгі күнге дейін «Қазақстан географиясы» пән ретінде емес, оқу бағдарламасы» есебінде ғана қаралған деген жауап алдық. Жауапты басшылықтың жауабы осындай түсініксіз болса, жаңа оқу бағдарламасы мен жаңа оқулықтың шикілігі де айқын бадарсін.


Қалай десек те, басты мақсатымыз - болашақ ұрпаққа Атырау мен Алтайдың арасын жалғап жатқан кең байтақ атыраптың қасиетін ұлттық мұратта түсіндіру. Елбасының ерен еңбегі өзгелермен астасқан Қазақ елінің аумағы мен шекарасын «Қазақстан географиясында» оқыту маңызды.

Бұл - болашақ алдындағы борышымыз. Жоғарыда айтылған жайлардың негізінде Білім және ғылым министрінің шығарған оқу бағдарламаларын қайта қарауды ұсынамыз. Сағаты болғанымен, ешқандай бұйрықсыз ауыстыра салынған «Қазақстан географиясы» пәнінің атауы оқу бағдарламасында сақталуы тиіс. Бүгінге дейін осы салада ізденіп, айтарлықтай зерттеу жұмыстарын жүргізген, қажетті оқулықтар шығарған ғалымдардың жұмысы да ескерілу қажет. Жаңа оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқулықтар шығаруды желеу етіп, бюджет қаржатын таласқа түсірмей, бар әдебиеттерді пайдалануымыз керек. Өз тарихы мен өз жерінің қасиетін ұрпаққа ұғындыру біздің парызымыз. Жаңашылдық пенен ақпараттық кеңістікке бет бұра отырып, тәуелсіз қазақ елінің өз мұраты, тарихы, пәндері болуы шарт.

Осы депутаттық сауалға жауапты заңдылыққа сәйкес жазбаша беруінізді өтінеміз.

**Құрметпен,**

**депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

  
**Г. Исимбаева  
Б. Хаменова**

- А. Базарбаев  
И. Аронова  
М. Айсина  
З. Аманжолова  
С. Ахметов  
Н. Эбдіров  
М. Әшімбаев  
З. Балиева  
Ә. Бектұрғанов  
Е. Бектұрғанов  
Г. Бижанова  
М. Бопазов  
С. Бычкова  
А. Дәуренбаев  
Н. Дулатбеков  
Ж. Дүйсебаев  
А. Ералиев  
Қ. Ержан  
М. Ерман  
Б. Ертаев  
А. Жайлғанова  
Қ. Жақыпов  
А. Жамалов  
Ж. Жарасов  
Б. Жылқышиев  
С. Имашева  
П. Казанцев  
Б. Кесебаева  
И. Клименко  
Е. Козлов  
Ү. Қайназаров  
С. Қаныбеков  
Қ. Қаракен  
Г. Қарақұсова  
Ф. Қаратасев  
А. Қожахметов  
А. Құрманова  
С. Құсайынов  
Б. Мамраев


М. Махамбетов  
Б. Мәкен  
К. Мусин  
Х. Мусин<sup>и</sup> К. Мұсырман  
А. Нұркина  
Ж. Нұрманбетова  
О. Оксикбаев  
В. Олейник  
Ж. Омарбекова  
С. Омаров  
Б. Оспанов  
С. Өтебаев  
Ш. Өтемісов  
А. Платонов  
М. Пшембаев  
Ә. Сапарова  
С. Сейдуманов  
С. Сәпиеев

А. Смағұлов  
А. Суслов  
К. Сұлтанов  
А. Тасболатов  
Б. Тілеухан  
М. Теміржанов  
И. Унжакова  
Т. Хитуов  
М. Чирков  
П. Шарапаев  
Г. Шиповских  
О. Шишигина  
Г. Щегельский  
Т. Яковлева

И. Смирнова

«Халық коммунистері»  
фракциясының мүшесі

Қазақстан халқы Ассамблеясының  
мүшелері

  
Н. Жұмаділдаева  
А. Мурадов  
Ш. Нурумов